

Р. БЕЙСЕТАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНГАРМОНИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

В статье рассматривается природа уровня структуры казахского языка, единицы уровня структуры, его связь и отношения между собой и проблемы много уровней обязанностей языка.

Makalede kazak dilinin tabii çok aşamalı yapısı, bu yapının iç beraberliği, ilişkisi ve dilin çok aşamalı hizmet verme meseleleri incelenir.

Бабаларымыз ғұмыр кешкен көшпелі өмір салтының бізге қалдырған рухани асыл мұраларының бірі – сингармониялық қазақ тілі. Қазақтың сингармониялық тілі және оған негізделген айшықты сөз (өлең) өнері – сол өмірдің бүгінгі айнасы.

Қазақтың этникалық дара ерекшеліктері:

- қазақтың сөйлеу жүйесі және сөйлеу қабілеті мен мүмкіндігі;
- қазақтың ойлау жүйесі және ойлау қабілеті мен мүмкіндігі;
- қазақтың дүниетанымы және дүние тану қабілеті мен мүмкіндігі

Осы айтылғандардың барлығы тіліміздегі табиғи гармонияға, дәлірек айтсақ, сингармонияға негізделіп қалыптасқан.

Табиғат аясында көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы гармонияны Жаратылыстың кеңістіктегі орнының және уақыт өлшеміндегі күні мен түнінің, айы мен жылының баяу әрі бір ырғақты ауысып отыруына және белгілі мерзімде тұрақты қайталанып отыруына сай түсінген және оны күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданған. Бұл – қазақ дүниетанымының негізі, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл рухани болмыс-бітімін айқындайтын, негізгі заңдылық. Ұлы далада ұзаққа созылған көшпелі өмір салты, ұлттың дәстүрлі ойлау жүйесі және дүниетанымы қазақ тілінің сингармониялық құрылымда қалыптасуына негіз болды.

Адам белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүреді. Сондықтан оның қоғамдағы саналы іс-әрекеті өзінің ұлттық дыбыстық тілі арқылы іске асады. Бұл орайда, дыбыстық тілдің құндылығы мен күрделілігі ешбір жансызбен салыстыруға келмейді.

Сонымен, «дыбыстық тіл» дегеніміз не? Бұл сұраққа бір жақты жауап беру – қателік. Адамзаттың дыбыстық тілі – өте нәзік әрі өте күрделі биологиялық құбылыс. Оны қолмен ұстауға немесе микроскоппен көруге келмейді. Дыбыстық тіл – адам санасының (жоғарғы нерв жүйесінің) күрделі физиологиялық қызметінің жемісі. Десек те, қоғамдық ортада тілдің әлеуметтік маңызы одан да жоғары. Бұл арада белгілі бір қауымның немесе бір ұлттың қоғамдық өмірі туралы айтамыз. Ал, осы ұғымды жалпылама мағынада алсақ, онда бүкіл адамзаттың рухы мен оның әлеуметтік болашағы туралы айтамыз. Сондықтан, адамның дыбыстық тілі – жалпы адамзаттық ұғым.

Сонымен қоса, ол адамзатты басқа жанды дүниеден ерекшелеп тұратын негізгі белгі-қасиет. Дыбыстық тіл – адамның өз-ара қатынас құралы әрі ойлау жүйесінің негізі. Абайдың Дәулетиярға айтқан: «Ақыл дәулетке бітпейді, ақылға дәулет бітеді» сөзі, қоғамның рухани өмір сүруінің бір көрінісі. Екінші сөзбен айтқанда, ақылды орнымен жұмсап, бақыт, дәулет табу – әрбір адамның еңбек ету қабілетіне, қайрат-жігеріне, ақылына және «аллаға шүкір» деп, байыппен өмір сүруіне байланысты болады. Ал, ақылдың түбі – асыл сөз – адамзаттың дыбыстық тілі. Сондықтан, сананы зерттеу үшін алдымен ұлттық тілдің шынайы құрылымын, оның түрлі қызмет атқару деңгейін, деңгейлік бірліктерін, олардың қатынасы мен байланысын анықтау керек.

Еуропаның дәстүрлі тіл білімі дыбыстың, сөздің, сөйлемнің әріптік бейнесіне қарап, тіл заңдылықтарын тауып, түрлі тіл теориясын құрып шықты. Біздің тіл біліміне көзқарасымыз мүлде бөлек. Түркі тілдерінің заңдылықтары мен түрлі тіл теориясы дыбыстың, сөздің, ырғақтық топтың, толық сөйлемнің (өлең шумағының) дыбысталуына қарай анықталуы және құрылуы шарт. Сондықтан, біз адамзаттың дыбыстық тілін тек дыбысталуына сай қарастырамыз және дыбысталу заңдылықтарына сай талдап, түрлі лингвистикалық теория құрамыз.

Соңғы жиырма жылдың шамасында, басқа тақырыпқа ауытқымай, ізденіс-талпынысымыз тұтас бірақ бағытта болды. Ол – қазақ тілінің сингармониялық құрылымы, тілдің көп деңгейлі қызмет атқаруы. Оның түрлі тілдік деңгейінің құрылымы, өзіндік деңгейлік бірліктері, олардың өзара байланысы, ара қатынасы және сингармониялық тілдік құрылымда қызмет атқаруы. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты қазақ тілінің түрлі табиғи деңгейінің қызмет атқаруының сырын ашу болды. Түпкі мақсат – қазақ ұлтының ойлау жүйесін зерттеу.

Біз құрған тіл дыбыстары жасалымының «аумақтық» теориясы түркі тілдерінде қалыптасқан ерекше құбылыс – сингармонизмнің биологиялық сырын ашуға негіз болды. Бұл теория түркі тілдерінде сингармонизм құбылысын тудыратын, қалыптастыратын аса маңызды заңдылықтарды ашып, талдап және баяндап шығуға мүмкіндік берді. Аумақтық теориясыз «сингармонизм» құбылысының мағынасы мен мәнін түсіндіру мүмкін емес. Осы орайда, өзіміз жүргізген қазақ және жалпы түркі тілдеріне «құрылымдық талдаудан» біраз үзінді келтірейік.

Табиғи жаратылысқа сай, қазақ тілінің құрылымы үш деңгейлі (фонетика → фонология → грамматика) болып қалыптасқан:

I – ФОНЕТИКА – тілдің дыбыс жүйесі;

II – ФОНОЛОГИЯ – тілдің буын құрау және сөз жасау жүйесі;

III – ГРАММАТИКА – тілдің сөз түрлендіру, сөз тіркесін және оның ретті тізбегінен сөйлем құрау жүйесі.

Фонетика – тіл дыбыстарының табиғи физикалық белгі қасиеттерін,

анатомиялық және физиологиялық жасалымын, олардың жеке дара дыбысталу ерекшеліктерін зерттейді.

Фонология – тіл дыбыстарының ретті тіркесінен буын құрау және буындардың ретті тізбегінен сөз жасау заңдылықтарын әрі олардың үндесе дыбысталуын (гармония) зерттейді.

Грамматика – сөз түрлендіру әрі оның дыбысталуын (гармония) реттеу, тілімізде сөз тіркесін құрау әрі оның дыбысталуын (гармония) реттеу, сонымен қоса, түрлі сөз тіркесінің ретті тізбегінен сөйлем құрау әрі оның құрамындағы ырғақтық топтардың сан алуан «біртекті тембрлі» дыбысталуын (сингармония) зерттейді.

Сонымен бірге, тілдік құрылымның түрлі деңгейінің өзіндік бірлігі болады. Тілдік бірлік деп сөздің (сөйлемнің) жекеленген, арнайы дыбысталатын әрі үнемі тұрақты бейнелі болып келетін элементін айтамыз. Тілдік бірліктің негізгі белгісі – айырықша дыбысталуы мен қолданылуы. Тілімізде тілдік бірліктің дербес мағына білдіруі де, білдірмеуі де мүмкін. Тілдің әр деңгейінің өзіндік кіші және үлкен бірлігі болады. Мысалы, фонетикада – дыбыс, фонологияда – кіші – буын, орта – сөз, ал үлкен – сөз тіркесі (ырғақтық топ). Грамматика екі сатылы деңгейлі: 1) морфологияда – кіші – морфема (ол да, буын), ал үлкен – (сөз) туынды сөзформа; 2) синтаксисте – кіші – сөз тіркесі (ырғақтық топ), орта – жалаң сөйлем, ал үлкен – құрмалас сөйлем.

Осы құрылымдық талдауға сүйенсек, анық аңғарылатын ерекше заңдылық байқалады: әрбір тілдік деңгейдің бірлігі төменгі деңгейдің бірлігінен жасалады, керісінше, ал әрбір төменгі деңгейдің бірлігі келесі жоғарғы деңгейдің бірлігінің құрамды бөлігі болып отырады. Сонымен қоса, егер деңгей ішінде түрлі кіші және үлкен бірлік болса, онда үлкен бірлік өз деңгейіндегі кіші бірліктен жасалады.

Қазақ тілінің сингармониялық құрылым табиғатына сай, оның табиғи деңгейлері мен тілдік бірліктері 1-ші кестеде берілді.

1-кесте. Қазақ тілінің сингармониялық құрылым деңгейлері мен тілдік бірліктері.

№	Тілдің құрылым деңгейі	Тілдік бірліктері
I	Фонетикалық деңгей	
	Тілдің аумақтық табиғаты бар дыбыс жүйесі	Тіл дыбысы
II	Фонологиялық деңгей	
	Тілдің фонологиялық буын, сөз және ырғақтық топ жасам жүйесі	Буын Сөз Ырғақтық топ
III	Грамматикалық деңгей	
	Тілдің сөзформасын жасау, Сөз тіркесін және сөйлем құрау жүйесі	Сөз тіркесі Жай сөйлем Құрмалас сөйлем

Қазақ тілінде жеке буынның, сөздің және тұтас ырғақтық топтың біртекті тембрлі дыбысталуы – «гармония» тудырады.

Қазақ тілінде құрмалас сөйлемнің немесе өлең шумағының түрлі біртекті тембрлі құбылып дыбысталуы – «сингармония», екінші сөзбен айтқанда, сингармонизм құбылысын тудырады.

Кемеңгер А. Байтұрсынұлы айтқандай, «заңы азбаған қазақ тілі» [1], оның деңгейлі құрылымы (фонетика → фонология → грамматика), өзара тығыз байланысты деңгейлік бірліктері, ерекше синтаксистік құрылымы, әсіресе, тілдік жаратылысқа және табиғи тіл заңдылықтарына сай, дұрыс құрылған құрмалас сөйлемнің (өлең шумағының) біртұтас сан түрлі «біртекті тембрлі» дыбысталуы адамның ойлау жүйесін зерттеуде бұрын нейрофизиологтар аңғармаған, аңғарса да керек қылмаған, ерекше құнды физиологиялық деректер беріп отыр.

Түркі тілдерінің артикуляторлық жасалымы тұрақсыз, осыған орай, акустикалық сипаты құбылмалы тіл дыбыстарының аумақтық теориясы биологиялық тұрғыдан дәлелденді.

Дәл осылай, түркі тілдеріне тән сингармонизм құбылысы да – құрмалас сөйлемнің (өлең шумағының) сан алуан «біртекті тембрлі» дыбысталуы, – биологиялық тұрғыдан дәлелденді.

Түркі тілдерінде сөйлем ішінде әрбір ырғақтық топ өзіне ғана тән біртекті тембрмен дыбысталып, ал құрмалас сөйлем құрамындағы ырғақтық топтардың ретті тізбегі түрлі «біртекті тембрлі» айтылады. Нәтижесінде, дыбысталауда сөйлемнің (өлең шумағының) өн бойында дауыс тембрі мейлінше құбылып тұрады. Міне, біз жоғалтып алған асылымыз «сингармонизм құбылысы» – осы құбылыс. Ал, еуропа ғалымдарының сингармонизмді «сөз бойынан» немесе морфологиядан іздеулері, сол замандағы «ғылыми адасу» еді.

Еуропаның дәстүрлі грамматикасы кез келген құрылымды тілді латын немесе еуропа тілдері грамматикасының аясында талдап және баяндап шығумен шұғылданады. Олардың ұғымында: «Еуропа тілдері грамматикасының заңдылықтары мен ережелері кез келген басқа құрылымды тілді зерттеп шығуға жарамды». Сондықтан болар, олар өз грамматикасын «Жалпы грамматика» деп атайды. Ал, құрылымы мен заңдылықтары жағынан ең күрделісі – түркі тілдерінің грамматикасы. Латын, еуропа тілдерінің грамматикасы түркі тілдері грамматикасының бір құрамды бөлігі секілді.

Адамзаттың дыбыстық тілі өзін жасаушы тірі организм – адам тәні секілді, біртұтас әрі күрделі жүйе. Адамның сөйлеу мүшелері – жұмсақ таңдай, тіл, жақ, қызыл иек, тіс, қос ерін, дауыс желбезегі, сонымен қоса, жұтқыншақ, көмей, мұрын қуысы тілдің биологиялық жасалымын, ал адам санасы оның әлеуметтік қызмет атқарып, өмір сүруін қамтамасыз етеді. Егер осының бірі кеміс болса немесе әлеуметтік рухани орта нашарласа, онда тіл

мүкістенеді, тіпті қатынас құралы болып қызмет атқарудан қалады. Сондықтан, адамның дыбыстық тілінің әлеуметтік қызмет атқаруы сөйлеу мүшелерінің жүйесіне, оның бірлігіне, биологиялық тұтастығына және үйлесімді қызмет атқаруына тікелей байланысты.

Қазақстан егемендік алысымен елімізде қазақша оқу құралдары жарық көре бастады. Кеңестік дәуірде орталықтың ресми ұсынған оқулығы қазақ тіліне аударылып, ал қазақша жазылған кітап Мәскеуде бекітілетін. Қазақ тілі туралы қазақша жазылған кітап орыс тіл білімімен үндесуі шарт болды. Түркі тілдерінің сингармониялық құрылымы, оның үндестік (гармония), бірегей үндестік (сингармония) заңдылықтары және тұтас құрмалас сөйлемнің (өлең шумағының) үндесе дыбысталуында пайда болатын «сингармонизм» құбылысы таза ескерусіз қалды.

Міне, осы аталған олқылықтардың орнын толтыру үшін қазақ тіліне құрылымдық талдау жүргізілді. Құрылымдық талдаудың нәтижесі түрік тілдерінің үш деңгейлі екендігін көрсетіп отыр. Ал, сингармонизм – барлық деңгейлік тіл заңдылықтарының біртұтас ретті әрі жүйелі қызмет атқаруы нәтижесінде пайда болатын ерекше құбылыс. Біз қарастырып отырған 1-ші дыбыстық деңгейдің (немесе, – фонетиканың) басты заңдылығы – тіл дыбыстары жасалымының «аумақтық табиғаты». Бұл заңдылыққа сай, түркі тілдерінің дыбыс жүйесі тұрақсыз биологиялық жасалымы бар, осыған орай, айнаымалы акустикалық белгісі бар жүйе. Ең бастысы – ол сингармониялық тілдің фонетикасының болмыс бітімі, немесе – сол фонетиканың өзі. Осының арқасында түркі тілдерінің сөйлемі құрамында буынның, сөздің, тұтас ырғақтық топтың дыбысталуында көп түрлі тембрлік біркелкілік пен біртектілік еркін сақталады.

Жанды дүние әлемінің кез келген құбылысы секілді, адамзаттың дыбыстық тілі де өзіндік жүйелі құрылымы және көп деңгейлі қызмет атқару заңдылықтары бар табиғи құбылыс.

Сингармонизм – түркі тілдерінің табиғи жаратылысының келісті жарасымы: сананың, сөйлеу мүшелерінің сөйлеу барысында жүйелі әрі мейлінше үнемді қызмет атқаруының жемісі. Жалпылама берілген осы анықтаманың мағынасын түсініп, тіл табиғатын, оның қалыптасқан нормаларын және түрлі деңгейлік бірліктерін саралап жазып шығу үшін шынайы тілдік белгілерді және заңдылықтарды анықтау қажет. Егер адамзаттың дыбыстық тілін табиғи құбылыс деп қабылдасақ, онда оның табиғи құрылымының, табиғи жасалым деңгейлерінің және табиғи қызмет атқару деңгейлерінің болуы – жаратылыстың белгісі.

Тіл жаратылысының нақты бітімі эволюцияның жемісі, ол бүгінгі ұрпақтың қабылдау сезіміне байланыссыз қалыптасқан деп түсінсек, онда тіл құрылымының, табиғи жасалым деңгейлерінің және табиғи қызмет атқару деңгейлерінің бір-біріне сай келулері шарт.

Біз жүргізген физиологиялық, психологиялық және лингвистикалық кешенді зерттеудің нәтижелері көрсетіп отырғандай, белгілі бір ұлт

өкілдерінің сөйлеу барысында тыныс алу ырғағы мен олардың сөйлем құрау дәстүрлерінің арасында қалыптасқан бірегей байланыс бар. Сондықтан, ұлттық тілдің сөйлемінің құрылымы нақты физиологиялық заңдылық, деп тұжырым жасауға негіз бар. Бұл, әсіресе, құрылымы өте күрделі сингармониялық түркі (қазақ) тілдеріне қатысты.

Қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын ашу мақсатында адам тәніне тікелей кешенді физиологиялық эксперимент жасалды. Олардың нәтижесі өкпенің және басқа сөйлеу мүшелерінің қызметі сөйлеу барысында бір орталықтан басқарылатынын көрсетіп отыр. Басқару орталығы – адамның санасы әрі сөйлем құраушы – адамның санасы.

Осыған байланысты, еуропа тіл білімінде қалыптасқан, сөзді «словесное ударение» құрайды, сөзді басқа сөзден «словесное ударение» ажыратады деу, қате пікір. Сөз құраушы да, сөзден сөзді ажыратушы да адамның санасы, ал аталмыш «словесное ударение» тілдің сөз құрау құралы немесе сөз құрау тәсілі. Сондықтан, біздің де «сингармонизм» атқарады деуіміз өте қате пікір. Шындығында, сингармонизм құбылысы пайда болады деуіміз керек, ал іске асырушы – адамның санасы.

Адамзаттың тілдік қатынас процесін айтушының белгілі бір мағына білдіретін сөйлем құрап, оны дыбыстауы (жазуы) мен тыңдаушының оны естіп (оқып), қабылдауының бірлігі, деп түсінуіміз керек. Сонымен қоса, біз мұны тілдік қатынас процесінің біртектілігі деуіміз керек. Ал, тілдік қатынас процесінің ұлттың барлық өкіліне ортақтығы тілдік құрылымның, табиғи жасалым деңгейлерінің және табиғи қызмет атқару деңгейлерінің біркелкілігімен қамтамасыз етіледі. Түрлі өлкелік диалектілерді былай қойғанда, бір шаңырақтағы ата мен немере бір-бірін ана тілінде түсінбей қалған біздің қазіргі заманымызда, тілдік құрылымды және ұлттың табиғи сөйлеу нормаларын зерттеп анықтау – үлкен рухани міндет.

Ұзақ жүргізілген физиологиялық, психологиялық, лингвистикалық зерттеудің және көп жылдық бақылаудың нәтижелері сингармониялық қазақ тілі құрылымының және көп деңгейлі қызмет атқаруының бірсыпыра қырсырын ашуға мүмкіндік берді. Міне, осы зерттеулердің нәтижесін зиялы қауым назарына ұсынып отырмыз.

Қазақ тілінің сингармониялық құрылымына сай, тілдік бірліктері мына келтірілген деңгейлерде қалыптасқан:

- дыбыс – тілдік негіз – ұлттық тілдің артикуляциялық жасалым ерекшеліктері айнымалы, осыған орай, акустикалық сыйпаты құбылмалы дыбыс жүйесін құрайды;
- буын – тілдің дыбыстау мүмкіндігінің және фонологияның ең кіші бірлігі; буын жеке тұрып дыбысталады, ал мағына білдірмейді;
- сөз – ұлттық тілдік лексикалық қорын құрайды; бір немесе бірнеше буыннан жасалады және арнайы мағына білдіреді, кейде бірнеше мағына білдіруі мүмкін;

- ырғақтық топ – сингармониялық тілдің интонациялық және синтаксистік бірлігі: екі немесе үш сөздің бірігіп, бір деммен біртекті тембрлі дыбысталуынан жасалады; қазақ (түрік) тілі сөйлемінің ең кіші бірлігі, мағына білдіруі шарт емес;

- мағыналық топ – тілдің мағыналық синтаксистік бірлігі: бір немесе бірнеше ырғақтық топтан жасалады; толық не қосымша мағына білдіреді немесе мағына үстейді;

- сөйлем – ұлттық тілдің жеке тұрып қызмет атқаратын ең кіші синтаксистік бірлігі: бір немесе бірнеше мағыналық топтан жасалады; белгілі бір мағына білдіруі – шарт;

- шумақ – бір немесе бірнеше сөйлемнен жасалып, жүйелі тұтас ойды білдіретін тілдік құрылым – мәтіннің құрамды бөлігі.

Сонымен қоса, біз бұған түркі тілдеріне тән тағы үш просодиялық ұғымды қосуымыз керек: буынның дыбысталуы; ырғақтық топтың дыбысталуы; тұтас сөйлемнің дыбысталуы.

Тіл дыбыстары – тілдік негіз – ұлттық тілдің дыбыс жүйесін құрайды. Қазақ тілінде кез-келген дыбыс шексіз ренді болып жасалады. Тіліміздің осы ерекшелігі түркі тілдері сөйлемінің дыбысталуының ортақ құбылысы – сингармонизмнің анатомиялық табиғи негізі.

Түркі текті халықтардың жазу-сызу өнерінің орыс графикасына көшпүі – олардың тіліне, тіл мәдениетіне елеулі нұқсан келтірді. «Орыс мәдениетінің шығысқа тарауының жемісі», «Ұлы орыс халқы тілінің игілікті әсері», «Компартияның аталық қамқорлығының арқасында» деген секілді желеулермен жүргізілген, Кремльдің орыстандыру саясаты қазақ ортасында өркен шашты, тамырын тереңге жіберді.

Табиғаты сингармонизмге негізделген түркі тілдерінің сөз просодиясы орыс тілінің сөз екпінімен түсіндірілді. Өз ғалымдарымыз түбірге қосымшалар жалғанып, сөздің түрленуіне байланысты, сөз ішінде жылжымалы екпін тапты және оның түрлі буында орналасу заңдылығын дәлелдеп бақты. Нәтижесінде – тіл шұбарланды.

Профессор Ә. Жүнісбековтың қазақ тілінде кез келген морфема буындық деңгейден төмен болмайтыны, негізгі фонологиялық қызметті буын атқаратыны, тілдің сөз просодиясы сингармонизммен жасалатыны және сингармонизмнің аясында іске асатыны туралы жүйелі еңбектеріне көпшілік қауым күні бүгінге дейін көңіл аударып отырған жоқ.

Сингармонизм – қазақ тілінің табиғи жаратылысының келісті жарасымы: сананың, сөйлеу мүшелерінің мейлінше үнемді әрі жүйелі қызметінің жемісі. Түркі тіл әлемінің бүкіл болмыс-бітімін айқындайтын табиғи құбылыс. Тек еңбектің басында келтірілген эпиграфқа және аталған себептерге байланысты жарасымы кетіп жүрген ұғым. Бүгін әдеби тіліміз өзінің негізгі арнасы – сингармонизмнің аясынан шығып кетті: ерін үндестігі «жойылып болды», тілдің табиғи буындық құрылымы «фонемамен» алмастырылды, сөйлеу барысында қазақ сөздері ырғақтық топ құрамай, жеке-

жеке дыбысталатын болды, сөздің (ырғақтық топтың) буындық құрылымының сөйлеу жылдамдығына байланысты құбылмалы қасиеті мүлде ескерусіз қалды т. б.

Қазақтың әдеби тілін қазақтың өзінен бөлектеп алып, аты – қазақ, заты – орыс (словесное ударение, фонема т. б. негізінде) қазақтың тіл білімін қалыптастырмақ болдық. Бұл – басқа ұлт ғалымдарының «сингармонизмнің күйреуі» деулеріне негіз болды. Күйретуші – өзіміз және қабылданған жазу жүйесіндегі келеңсіздіктер (мысалы, **ы** дыбысын **и** әрпімен белгілеп, **сыйыр**, **сыяқты**, **тыянақты** сөздерінің **сыыр**, **сияқты**, **тиянақты** болып жазылып, солай айтылуы секілді).

Тіл заңдылығының күйреуі – сөздің күйреуі, ал сөздің күйреуі – тілдің күйреуі. Келісті тілді қалыптастырған бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы ана тілінің күйреуіне жол бермейтіні белгілі. Сондықтан, біз де қазақ ұлтының дүниетанымы және Х. Досмұхамедұлы, Қ. Басымұлы, Ә. Жүнісбеков, М. Райымбекова, Ұ. Шүленбаева, Ж. Бейсетаева, Р. Бейсетаев, Ғ.Ә. Құлқыбаев, М.С. Серғалиев еңбектерінің негізінде сингармонизмнің мәні мен мағынасын және анатомиялық-физиологиялық сырын ашып, тіліміздегі негізгі құбылысқа сапалық анықтама беруді мақсат қылдық.

СИНГАРМОНИЗМ (грек. *syn* – бірге және *harmonia* – байланыс, үндесу) – түрік тілі әлемінің табиғи жаратылысын айқындайтын негізгі құбылыс. Сингармонизм алғашқы кезеңде (ал, орыс тіл білімінде күні бүгінге дейін) дауысты дыбыстардың үндесуі делініп келді [2-8].

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін сингармониялық ғылыми бағытта бірінші болып зерттеген ғалым – А. Байтұрсынұлы. Ол «сингармонизм» терминін қолданбаған, себебі қазақ тілінің дыбыс қорын, сөйлесім процесін езулік жуан, езулік жіңішке категорияларында ұғып, ғылыми зерттеулер жүргізіп, талдау жасаған [1]. Десек те, А. Байтұрсынұлының сингармофонемалық концепциялары, сол замандағы көзқарасқа сай, «фонема» деңгейінде құрылып, тек езу сингармонизмін ғана қамтыған.

Әлем тіл білімінде «сингармонизм» терминін алғаш қолданған ғалым Х. Досмұхамедұлы болды. Ол қазақша сөйлесімнің негізі сингармонияны «дауысты дыбыстар гармониясы» тұрғысынан ғана емес, «барлық дыбыстар гармониясы» деп таныды және жалпы сингармонизм негізінде зерттеулер жүргізді [9. 81-99].

Басы А. Байтұрсынұлы және Х. Досмұхамедұлы еңбектерінен басталатын тілдің дыбыс жүйесін сингармониялық бағытта зерттеуін ағылшын ғалымдары Ферс шәкірттерімен және Джон Лайонз (John Lyons) қолдап, түрік тілінің материалы негізінде просодиялық ұғымдар бойынша жүйелі зерттеулер жүргізген [10. 141-144].

Ғалымдар сингармонизм туралы әр кезде әр түрлі пікір айтты: дауысты дыбыстардың үндесу заңы (дауыстылардың гармониясы), барлық дыбыстардың гармониясы, тіліміздегі сингармонизм, ассимиляция,

диссимиляция делініп, бұлар тең дәрежелі қойылды, сингармонизм фонетикалық заңдылық, ал морфонологиялық құбылыстардың табиғаты басқа делінді, керісінше, кейде сингармонизм морфонологиялық құбылыс ретінде қарастырылды.

Кімнің қай кезде, қандай қате пікір айтқанын теріп жазудың, әрине, қажеті жоқ. Қателік бәрімізде бар: бірі – жат жұрттан мәдениет үлгілерін алуға байланысты; екіншісі – бөтен елдің тіліне еліктеуге байланысты; ал, үшіншісі – әрқилы замандағы мемлекеттік үстем саясаттың ықпалына байланысты туындап отырды.

Дегенмен, қазақ тілінің табиғаты бөлек – сингармониялық тіл, сондықтан, үндіеуропа тіл білімінің үлгі-тәсілдері түркі тілдерінің табиғаты мен қызмет атқару сырын аша алмады. Тағдырдың қалауы келісті болды. Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңының сырын ашу тек қазақ ғалымдарының еншісіне тиді.

Қазақ тілінің зерттелуінің балаң шағында «Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ» [9. 89] деп, бірінші сөзді Х. Досмұхамедұлы кемеңгерлікпен айтқан болатын. Біздің ойымызша, бұл – сингармонизм туралы профессор Ә. Жүнісбековке дейін дұрыс айтылған, алғашқы шешуші пікір болды.

Екінші шешуші дұрыс пікірді Қ. Басымұлы айтты: «Тоғыз жуанды, жіңішкеді дауысты дыбыстар сөздің жанды тамыры есебінде болып, сөздің әуеніне тірек болады»... және оларды жуан, жіңішке және еріндік, езулік деп жіктеді [11].

Ә. Жүнісбеков түркология ғылымында сингармонизм аясында жүргізілген зерттеу жұмыстарын, жасалған тұжырымдарды саралау және өзі жүргізген эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде негізгі заңның шынайы табиғатын ашатын мына тұжырымға тоқтады: сингармонизмнің негізгі фонологиялық қызметі – қазақ (түрік) сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында; үндіеуропа тілдеріндегі фонеманың қызметін түркі тілдерінде сингармема атқарады.

Ат, ет, от, өт сөздеріндегі бұрынғы ұғымыздағы бір т дыбысы езулік-жуан, езулік-жіңішке, еріндік-жуан, еріндік-жіңішке болып, төрт түрлі реңге ие болатыны белгілі болды. Міне, дыбыстардың осы үйлесімі, қазақ сөзін құлаққа жағымды қылып тұратын, негізгі қасиет.

Ғалым еңбектеріне сүйенсек [12-15], қазақ тілінің дыбыс жүйесі дауысты дыбыстардың үш сингармотипінен және тоғыз сингармодауыстыдан, ал әрбір дауыссыз – төрт сингармодыбыстан тұратын жүйе. Әрбір дауыссыздың сингармотембрі олардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік қасиеттерінің қарама-қарсылығынан жасалады.

Осы айтылғандардың негізінде қазақ тілінің төл сөздері алты сингармониялық белгілер арқылы ажыратылады. Олар мыналар: 1) жуан езулік – жіңішке езулік, 2) жуан еріндік – жіңішке еріндік, 3) жуан еріндік –

жуан езулік, 4) жуан еріндік – жіңішке езулік, 5) жіңішке еріндік – жіңішке езулік, 6) жіңішке еріндік – жуан езулік.

Ғалымның бұдан шығарған негізгі қорытындысы: 1) тіл және ерін сингармонизмдерінің сөз мағынасын ажыратудағы қызметтері тең дәрежелі; 2) сингармонизм тек дауысты дыбыстар үндестігі ғана емес, ол қазақ тілінің дыбыс жүйесін толық қамтитын, тілімізде сөз құрайтын және оның біркелкі тембрмен (езулік, еріндік) дыбысталуын қамтамасыз ететін, жалпылама заңдылық.

Профессор Ә. Жүнісбеков «Қазақ тілінің дауысты – дауыссыз дыбыстары еуропа тіл білімінің фонема теориясына бағынбайды қазақ тілінде фонема жоқ, фонологиялық негіз буын» деген дұрыс пікір айтады [14,4-6]. Сонымен қоса, профессор А. Айғабылов «Қазақ фонологиясының жай-күйі де екінші бір көлденең тартылған кедергі. Біз осындай жағдайларға байланысты фонема терминінен гөрі дыбыс терминін қолдануды жөн көрдік» [16,8] деп, пікір айтады. Біздің ойымызша, қазақ тілі дыбыстарының фонологиялық мүмкіндігі буын құраумен ғана шектелген. Сондықтан, осы екі ғалымның пікірлері зерттеу жұмысының өн бойына негіз болып алынды.

Зерттеп отырған мәселеміз түркі тілдеріндегі сингармонизмнің табиғаты және заңдылықтары туралы болғандықтан, оған қомақты үлес қосқан, өз ғалымдарымыз М. Райымбекова мен Ұ. Шүленбаеваның еңбектері туралы айту керек.

Ғалым М. Райымбекова қазақ тілінің дауысты дыбыстарының ерекшеліктерін жүйелі зерттей келе, сөз ішінде ашық дауысты дыбыстардың қысқа айтылып, ал қысаң дауыстылардың созылыңқы айтылатынына назар аударған [17].

Ғалым Ұ. Шүленбаева жан-жақты зерттеудің нәтижесінде профессор Ә. Жүнісбековтың – «үндестіктің екі түрі (ерін-езу) тең құбылыс, олар бүтін бір жүйенің құрамды бөліктері», деген пікірін дәлелдеп шықты және ерін үндестігі бойынша қазақ тілінің материалы негізінде жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізді [18].

Түркі тілдеріндегі сингармонизмнің табиғатын ашуда қазақ ғалымы Қ. Басымұлының еңбегі ерекше болды. Өйткені, Ә. Жүнісбеков айтқан, бұрынғы ұғымымыздағы бір т дыбысы ат, ет, от, өт сөздерінде төрт түрлі реңге ие болады деу, жеткіліксіз болып шықты. Қ. Басымұлы айтқандай, олар сөздің тоғыз жанды тамырына сай, ат, әт, ет, ыт, іт, от, өт, ұт, ұт буындарында тоғыз түрлі реңді болып жасалады екен. Сонымен қоса, біз жүргізген физиологиялық зерттеудің нәтижесі бұл дыбыстың ашық буын үлгілерінде та, тә, те, ты, ті, то, тө, тұ, тү түрінде келіп, басқаша тоғыз түрлі реңді болып дыбысталатынын көрсетіп отыр. Бұл бір дыбыстың жеке буын құрамында келгендегі әр түрлі нұсқалары. Қазақ тілінде бір сөздің жеке дыбысталмайтынын, синтаксистік интонациялық бірлік ырғақтық топ екенін еске алсақ, онда сөйлеу барысында кез келген дыбыс шексіз реңді

болып жасалады деуіміз орынды. Сондықтан Қ. Басымұлы қазақ тілінің мәнін түсінген ғалым деуіміз керек.

Қазақ тіліндегі сингармонизм құбылысының сыры мен мағынасын анықтау үшін қазақ тілі сөйлемінің құрылымы тілдік тұрғыдан талданды [19]. Көп жылдық бақылаудың нәтижесі қазақ сөздерінің сөйлем ішінде жеке дара айтылмай, екіден (кейде үштен) топтасып, үндесіп айтылатынын көрсетті. Сондықтан, қазақ тілінде бір сөз жеке дыбысталмайды, негізгі синтаксистік бірлік – ырғақтық топ.

Жүргізілген кешенді соматикалық эксперименттің нәтижесі [20-24] қазақ тілі дыбыстарының жасалуында, барлығына ортақ ерекшеліктер бар екендігін көрсетіп отыр:

- қазақ тілінің кез келген дыбысы тіл бойында пайда болатын бір (кейде екі) кедергінің әсерінен жасалады;
- дыбыстау кедергісі тіл арты мен ортасы аралығының жұмсақ таңдайдың артқы тұсы мен алдыңғы тұсының аралығына қарай сәйкес көтерілуі арқылы жасалады;
- тіл ұшы астыңғы қызыл иектің төменгі тұсы мен астыңғы күрек тістердің ұшы аралығына жанасып тұрады;
- кедергінің дыбыстау ауа ағыны өтетін саңылауының шамасы дыбыстың нақты ырғағын жасаушы факторлардың бірі.

Табиғи жаратылысқа сай, кедергінің төменгі және жоғарғы бөліктері болады. Ал кедергінің екі бүйірі – адамның жақ еттері. Физиологиялық эксперименттің нәтижелері анық көрсеткендей, кедергінің төменгі бөлігі қозғалмалы сөйлеу мүшелері – ауыз қуысының өн бойында орналасқан тіл мен астыңғы ерін арқылы жасалады. Кедергінің жоғарғы бөлігі, негізінен, ауыз қуысының жоғарғы жағында орналасқан тұрақты сөйлеу мүшелері – жоғарғы тіс, қызыл иек, жұмсақ таңдай арқылы жасалады [20-24].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дыбыстау кезіндегі екі бөлігінің ара шамасына қарай, кедергі үш түрлі болады:

- 1) кедергінің екі бөлігі бір-бірімен толық қабысып тұрады;
- 2) кедергінің екі бөлігі бір-біріне жуықтап тұрады;
- 3) кедергінің екі бөлігі бір-бірінен алшақ тұрады.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі бізге мынаны көрсетеді:

- кедергінің бірінші түрінен шұғыл дауыссыз дыбыстар жасалады;
- кедергінің екінші түрінен ызың дауыссыз дыбыстар жасалады;
- кедергінің үшінші түрінің әсерінен дауысты дыбыстар жасалады.

Кедергінің үшінші түрінде дыбыстау ауа ағыны өтетін кеңістік кең болып, ауа қарқынсыз өтеді. Нәтижесінде, кедергінің дыбыстау ауа ағынына әсері әлсіреп, жасалған дыбыстың құрамында салдыр мейлінше аз болады. Бұл – әсіресе, ашық дауысты [a] дыбысының айтылуында анық байқалады. Бұл кедергіні резонаторлық (негізгі) кедергі деуіміз керек.

Сонымен, осы зерттеуге тірек қылып мына тұжырымдар алынды.

1. X. Досмұхамедұлы: қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ.

2. Қ. Басымұлы: тоғыз жуанды, жіңішкелі дауысты дыбыстар сөздің жанды тамыры есебінде болып, сөздің әуеніне тірек болады... және олар жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып жіктеледі.

3. Ә. Жүнісбеков: қазақ тілінде кез келген морфема буындық деңгейден төмен болмайды; үндестіктің екі түрі (ерін-езу) тең құбылыс, олар бүтін бір жүйенің құрамды бөліктері; үндіеуропа тілдеріндегі фонеманың қызметін түрік тілдерінде сингармема атқарады; сингармонизмнің негізгі фонологиялық қызметі – қазақ (түрік) сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында, бұлай болмаған жағдайда, айтылған сөз құлаққа жағымсыз естіліп, қабылдауда ұғынықсыз болады.

4. М. Райымбекова: қазақ тілінде сөз ішінде ашық дауысты дыбыстар қысқа айтылып, ал қысаң дауыстылар созылыңқы дыбысталады.

5. Ұ. Шүленбаева: тіліміздегі қосымшалар да көп вариантты болып келеді, түгел еріндікпен айтылады; үндестіктің екі түрі (ерін, езу) тең бірліктер; ерін және езу үндестіктерінің тіліміздегі егіз құбылыс екендігін эксперимент, сондай-ақ айтылу немесе дыбысталуын бақылау нәтижелері дәлелеп отыр.

6. Р. Бейсетаев: қазақ тілінде кез келген морфеманың жеке тұрып дыбысталуы – шарт; қазақ тілінде жеке сөздің дыбысталуының мәні жоқ, негізгі синтаксистік әрі интонациялық бірлік – ырғақтық топ; қазақ сөздері мағыналық немесе грамматикалық қатынаста тұрып, ырғақтық топ құрап бір текті тембрлі дыбысталады; қазақ тілі сөйлемі – ырғақтық топтардың мағыналық және интонациялық қызметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегінен жасалады.

7. Р. Бейсетаев, Ж.Р. Бейсетаева: қазақ тілінде аралас буынды ырғақтық топтың өн бойында біркелкі дауыс тембрі ырғақтық топтың барлық буынының ретті жасауында, тіл бойындағы кедергінің орны мен тіл ұшы қалпының тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі, екінші сөзбен айтқанда, ырғақтық топтың дыбысталуында ауыз қуысындағы дыбыс резонаторы пішінінің тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі; ырғақтық топтың өн бойында дауыс тембрінің біртектілігі (еріндік, езулік) еріннің қалпының тұрақтылығымен жасалады.

8. Тіл дыбыстарының қатаң-ұяң, жуан-жіңішке физиологиялық жасалым ерекшеліктері және сөйлеу мүшелері бұлшық еттерінің ширығу қалпының тіл дыбыстарының буынаралық тіркесуіне тигізетін әсері сарапталды (Ғ. Құлқыбаев, Ж. Жақсыбекова, Р. Бейсетаев).

9. Зерттеу барысында қазақ тілінде жеке дыбыстың, буынның, сөздің (ырғақтық топтың), сөйлемнің дыбысталуын бақылау нәтижелеріне ерекше назар аударылды (Р. Бейсетаев, А. Жакин).

10. Физиологиялық зерттеудің нәтижесі тіл дыбыстарының тембрін жасауда кедергі саңылауы шамасының да ерекше маңызы бар екенін көрсетіп отыр. Сондықтан, енді оларды жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-жартылай ашық-қысаң деп қабылдап, осылардың негізінде түркі (қазақ) тілдерінің буындық фонологиялық теориясы толықтырылып, қайта құрылды (Ғ.Ә. Құлқыбаев, Р. Бейсетаев).

11. Қазақ тілі сөйлемі – ырғақтық топтардың мағыналық және интонациялық қызметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегі болып шығады (М.С. Серғалиев, Ж.Р. Бейсетаева, Р. Бейсетаев).

12. Кез келген ұлттың тіліндегі сөйлем сол ұлт өкілінің тыныс алу ритміне сай құрылатыны және ұлттық физиологиялық заңдылық екендігі белгілі болды (Ғ.Ә. Құлқыбаев, М.С. Серғалиев, Р. Бейсетаев).

Тірек қылып алынған осы жүйелі зерттеулердің нәтижесі бізге қазақ (түрік) тіліндегі негізгі құбылыс – сингармонизмге мынадай сапалық анықтама беруге негіз болды: сингармонизм – сөйлем ішіндегі кез келген ырғақтық топтың дыбысталуында, оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығын және тембрдің біртектілігін қамтамасыз етумен пайда болатын құбылыс.

Ә. Жүнісбеков дәлелдеген «сингармонизмнің негізгі фонологиялық қызметі – қазақ (түрік) сөздерінің өн бойында біртекті тембрдің сақталуы» қағидасы жеке сөздің дыбысталуында толық орындалады. Ырғақтық топтың құрамына енетін екі сөздің біртекті тембрлі (еріндік не езулік) немесе аралас тембрлі (еріндік және езулік) болып келуі мүмкін. Біртекті тембрлі сөздерден жасалған ырғақтық топ, сол тембрлі бір сөздей болып, бір деммен дыбысталады. Мысалы: |өлөңсөздүн| (өлөң сөздің), |ерданасы| (ер данасы). Ал, аралас тембрлі ырғақтық топтың құрамындағы екі сөз бір еріндік тембрмен дыбысталады. Мысалы: |сөссарасы| (сөз сарасы), |қойбаласы| (қой баласы). Демек, аралас тембрлі ырғақтық топтың өн бойында біртекті, тек еріндік тембр сақталады.

Сонымен, ырғақтық топтың дыбысталуында, оның өн бойында біртекті тембр (еріндік, езулік) сақталады. Сонымен қоса, сингармонизм аясында кез-келген ырғақтық топтың дыбысталуында, оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сингармонизм құбылысына сай айтылған сөз тіркесінің құлаққа жағымдылығы, қабылдауда ұғынықтылығы қамтамасыз етіледі. Біз бұны – сингармониялық тілде табиғи тіл заңдылықтарының қызмет атқаруының келесі деңгейі деуіміз керек.

Сингармонизм құбылысына сай тіл заңдылықтарының қызмет атқаруының ең жоғарғы деңгейі – ырғақтық топтардың мағыналық және интонациялық қызметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегінен мағыналық топ (синтагма) және сөйлем құрау әрі олардың қазақ (түрік) тілінің сөз просодиясына сай дыбысталуын қамтамасыз ету.

Тірек қылып алынған тұжырымдарды, өзіміз жүргізген кешенді зерттеудің нәтижелерін жинақтай келе, қорыта айтпағымыз:

- сингармонизм түрік тіл әлемінің жалпылама құбылысы;
- түркі тілдері әлемінің кез-келген дыбыстық құбылысы (мейлі фонетикалық заңдылық болсын, мейлі морфонологиялық өзгеріс болсын) және барлық грамматикалық заңдылығы сингармонизм құбылысына сай, сингармонизм құбылысын тудыруға қызмет атқарады;
- сингармонизмнің фонологиялық негізі – сингармема (буын); сондықтан, тіл дыбыстарының жүйелі тіркесінен біртекті тембрлі (еріндік, езулік) дыбысталатын буын жасалады; жеке буын түбір морфема түрінде келіп, мағынаға ие болады, ал қосымша морфемада мағына болмайды;
- сингармонизм құбылысы аясында буындардың жүйелі тіркесінен біртекті тембрлі (еріндік, езулік) дыбысталатын мағыналы сөз құралады;
- сингармонизм құбылысы аясында мағыналық немесе грамматикалық қатынаста тұрған сөздердің тіркесінен ырғақтық топ құралады және оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығы және үндесіп, бір деммен дыбысталуы қамтамасыз етіледі;
- сингармонизм құбылысы аясында ырғақтық топтардың мағыналық және интонациялық қызметі мен бірлігіне қарай реттеле байланысқан тізбегінен сөйлем құралады және оның қазақ (түрік) тілінің сөз просодиясына сай дыбысталуы қамтамасыз етіледі.

Бұл – түркі (қазақ) тілдерінде сингармонизм құбылысының пайда болуы мен өмір сүруінің негізі. Біздің мақсатымыз түркі тілдерінің осы ерекшеліктерін физиологиялық және психологиялық тұрғыдан дәлелдеп, тілдік қолдану мәселелерін талдап, зиялы қауымның назарына ұсыну.

Тілімізде сингармонизм құбылысы қалыптасқан географиялық және әлеуметтік орта, оның анатомиялық-физиологиялық, этнологиялық және психологиялық негіздері, қазақ тілінің акустикалық сыйпаты құбылмалы дыбыс жүйесі, сингармониялық тілдің құрылымы, оның негізгі заңдылықтары және олардың қызмет атқаруы – ырғақтық топ құрау, оның құрамындағы барлық буында дауыс шамасының тұрақтылығын әрі тембрдің біртектілігін қамтамасыз ету, сөйлем құрау, оның қазақ (түрік) тілінің сөз просодиясына сай түрлі тембрлі дыбысталуын қамтамасыз ету және қазақ тілінің сингармониялық сөз просодиясы туралы кейінгі мақалаларда жан-жақты баяндалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі, 1992, 448 б.
2. *Исхаков Ф.Г.* Гармония гласных в тюркских языках / В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. I. Фонетика. Москва, Изд. АН СССР, 1955, С. 122-159.

Р. Бейсетаев. Қазақ тілінің сингармониялық...

3. *Исхаков Ф.Г.* Общая характеристика тюркского вокализма / В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. I. Фонетика. Москва, Изд. АН СССР, 1955, С. 53-59.
4. *Севертян Э.В.* Морфологическое строение слова в связи с другими его характеристиками / В кн.: Тюркологический сборник. 1974. т. 2. Москва, Наука, 1978, 304 с.
5. *Севертян Э.В.* Фонетика турецкого литературного языка. Москва, 1955.
6. *Байчура У.Ш.* Звуковой строй татарского языка. Казань, Ч. I, 1959.
7. *Черкасский М.А.* Тюркский вокализм и сингармонизм. Москва, Наука, 1965, 142 с.
8. *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. Москва, Наука, 1988, 204 с.
9. *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. Алматы, Ана тілі, 1991, 176б.
10. *Джон Лайонз.* Введение в теоретическую лингвистику. Москва, Прогресс, 1978, 543 с.
11. *Басымұлы Қ.* Жаңа әріп пен жана емле және дыбыстарымыздың жіктері. Алматы, 1932.
12. *Джунисбеков А.* Гласные казахского языка. Алматы, Наука, 1979, стр. 92
13. *Джунисбеков А.* Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, Наука, 1980, стр. 78.
14. *Джунисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского языка. АДД. Алма-Ата, 1988, 46 стр.
15. Строй казахского языка. Алма-Ата, Наука, 1991. 128 стр.
16. *Айзабылов А.* Қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, Санат, 1995, 136 б.
17. *Раймбекова М.* Длительность гласных казахского языка. АҚД. Алма-Ата, 1968, 27. с.
18. *Шуленбаева Ұ.* Қазақ тіліндегі ерін үндестігі. АҚД. Алматы, 1994, 24 б.
19. *Құлқыбаев Ғ.Ә., Бұласай Р.* Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. Қарағанды, Санат, 2004, 144 б.
20. *Құлқыбаев Ғ.А., Бейсетаева Ж.Р., Бұласай Р.* Физиология тюркской сингармонической речи в норме / В кн.: Проблемы высшего образования и науки в XXI век. Материалы международ. науч.-практ. конф. Изд. КарГУ, 2002, С. 170-173.
21. *Сергалиев М.С., Бейсетаева Ж.Р., Бұласай Р.* Физиология тюркской сингармонической речи казахов в норме / В кн.: Проблемы высшего образования и науки в XXI век. Материалы международ. науч.-практ. конф. Изд. КарГУ, 2002, С. 201-205.
22. Физиологические механизмы звукообразования человеком в норме (авторы: Кулқыбаев Г.А., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З. Бейсетаев Р.). рег. № 144 от 17 июня 2004 г. В Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
23. Физиологические механизмы реализации тембральных характеристик звуков речи (авторы: Кулқыбаев Г.А., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З. Бейсетаев Р.). рег. № 145 от 17 июня 2004 г. В Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
24. *Құлқыбаев Ғ.А., Бейсетаев Р., Байжанов Е., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З.* Физиологические механизмы звукообразования человеком в норме / В сб.: Научные труды I съезда физиологов СНГ, т. 1., Москва, Медицина-Здоровье, 2005, С. 199. рег. № 144 от 17 июня 2004 г. В Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.

(Жалғасы бар)

REZUME

R. BEYSETAEV (Karaganda)

THE PHENOMENON OF VOWEL HARMONY IN THE KAZAKH LANGUAGE (the harmony structure of the Kazakh language)

The article deals with multi-layer structure of nature of the Kazakh language, as the unity of this structure, their relationship to each other and referred to the multilayered language.